

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Үндістан Республикасының Үкіметі арасында
Әскери-техникалық ынтымақтастық туралы Меморандум жасасу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 9 ақпан N 197

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Үндістан Республикасының Үкіметі арасындағы Әскери-техникалық ынтымақтастық туралы меморандумның жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп, Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан келіссөздер жүргізсін және уағдаластыққа қол жеткізілгеннен кейін жоғарыда көрсетілген Меморандумды жасассын.

3. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі Мұхтар Қапашұлы

Алтынбаевқа Меморандумның мәтініне қағидатты сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Үндістан Республикасының Үкіметі арасында Әскери-техникалық ынтымақтастық туралы меморандум жасасуға өкілеттік берілсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Үкіметі
мен Үндістан Республикасының Үкіметі арасындағы
Әскери-техникалық ынтымақтастық туралы
Меморандум

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Үндістан Республикасының Үкіметі,

Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының мақсаттары мен принциптеріне өз адалдықтарын растай отырып,

қатысушылары Тараптар болып табылатын тиісті халықаралық шарттарды ескере отырып,

Қазақстан Республикасы мен Үндістан Республикасы арасындағы мемлекетаралық қатынастардың негізгі принциптері мен бағыттары туралы 1992 жылғы 22 ақпандағы мәлімдемені негізге ала отырып,

өзара тиімді әскери-техникалық ынтымақтастықты дамытуға ниет білдіре отырып, осы ынтымақтастық тең құқылық, өзара мүдделерді есепке алу және өзара тиімділік негізінде пәрменді және мақсатты жүзеге асырылуы қажеттігін мойындай отырып,

Тараптар арасындағы әскери-техникалық ынтымақтастықтың құқықтық негізін қамтамасыз етуге ұмтыла отырып, төмендегілер туралы келісті:

1 - б а п

Ынтымақтастықтың мақсаты мен нысаны

Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамасы шеңберінде мыналарды:

- өнімдер мен қызмет көрсетулерді өзара ұсынуды, сондай-ақ әскери техника мен әскери технологияға қатысты бірлескен жобаларды іске асыруды қоса, қорғаныс саласындағы екі жақты қарым-қатынастарды;

- технологиялар алмасуды, техникалық көмек көрсетулерді, оқыту мен бірлесіп өндіруді қоса, екі елдің түрлі саладағы өзара мүддесін білдіретін қорғаныс өнеркәсібі кәсіпорындарының арасындағы ынтымақтастықты;

- ақпарат алмасу, өзара оқыту, сапарлар, мамандар алмасу және бірлескен жобаларды іске асыру арқылы әскери ғылым мен технология саласындағы ынтымақтастықты;

- өзара оқыту, сапарлар, ақпарат және мамандар алмасу арқылы әскери саладағы екі жақты қарым-қатынасты дамыту мақсатында ынтымақтасады.

2 - б а п

Ынтымақтастықты ұйымдастыру

Осы Меморандумның ережесін орындау мақсатында Тараптар немесе оларға уәкілетті органдар нақты өзара тиімді бағдарламаларды әзірлеу мақсатында әлсін-әлсін кездесіп отырады.

Ынтымақтастық бағдарламасы, сондай-ақ дипломатиялық арналар бойынша Тараптар арасында хабар алмасу арқылы келісілуі мүмкін.

Ынтымақтастықтың келісілген бағдарламаларын жүзеге асыру мақсатында

Тараптар немесе оларға уәкілетті органдар қажет кезінде қолданылып жүрген міндеттемелер үшін зиян келтірмей, арнайы келісім-шарт немесе келісім жасасуы м ү м к і н .

3-бап

Сапарларды ұйымдастыру

Тараптардың өкілдері қажет кезінде Қазақстан Республикасында және Үндістан Республикасында кезектесіп кездеседі.

Осы Меморандумның ережесін орындау жөніндегі шығыстарды Тараптар олардың өз міндеттемелерін орындауы үшін қажетті қаражат шегінде Тараптардың ұлттық заңнамаларына сәйкес өз бетімен көтереді.

Кездесулер өткізу жөніндегі күн тәртібі мен тиісті ұйымдық және әкімшілік мәселелері өзара келісім негізінде шешілетін болады.

Осындай кездесулер барысында қабылданатын шешімдер келісілген хаттамалар ны с а н ы н д а р е с і м д е л е д і .

4-бап

Ақпараттардың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі ш а р а л а р

Тараптар осы Меморандумды іске асыру барысында алынған ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету үшін қажетті шаралар қолданады. Мұндай ақпаратты бір Тарап басқа Тараптың мүддесіне зиян келтіруге пайдаланбайды. Бір де бір Тарап мұндай ақпаратты басқа Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз үшінші Тарапқа б е р м е й д і .

Егер ақпарат Тарап мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес Тараптардың мемлекеттік құпиясын құрайтын мәліметтен тұратын жағдайда, мұндай ақпаратты беру беруші Тарап мемлекетінің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Қабылдаушы Тарап өз мемлекетінің заңнамасына сәйкес алынған ақпараттың сақталуын қамтамасыз етеді.

5 - б а п

Қ о р ы т ы н д ы е р е ж е л е р

Осы Меморандум осы үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Меморандумның ережесін түсіндіру мен қолдануға қатысты даулар туындаған жағдайда Тараптар оларды консультациялар және келіссөздер жолымен шешеді.

Бір Тараптың бастамасы бойынша өзара келісім негізінде осы Меморандумға осы Меморандумның ажырамас бөлігі болып табылатын, тиісті хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Осы Меморандум бес жылға жасалады және егер бір де бір Тарап тиісті

бес жылдық кезеңнің аяқталуына дейінгі алты айдан кешіктірмей жазбаша хабарлау жолымен оның күшін тоқтату жөніндегі ниеті туралы хабарламаса, келесі бес жылдық кезеңге автоматты түрде ұзартылатын болады.

200 ____ жылғы _____ қаласында, екі түпнұсқа данада, әрқайсысы қазақ, хинди, орыс және ағылшын тілдерінде жасалады, әрі барлық мәтіннің күші бірдей. Осы Меморандумның ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінді басшылыққа алады.

Қазақстан Республикасының	Үндістан Республикасының
Үкіметі үшін	Үкіметі үшін

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.